



Қ. ҚҰЛАЖАНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ БИЗНЕС УНИВЕРСИТЕТІ
«Экономика және бизнес» факультеті
«Туризм және сервис» кафедрасы



Бекітемін
«Экономика және бизнес»
факультетінің деканы
Мақыш М.К.

**«Туризм және сервис» кафедрасы апталығы аясында
конкурс өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже экскурсия өткізу бойынша конкурсқа (бұдан әрі - Конкурс) қатысты мақсаттарды, міндеттерді, оны ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Конкурс «Туризм және сервис» кафедрасы апталығы аясында өткізіледі және экскурсиялық қызмет саласындағы білім алушылардың кәсіби және практикалық құзыреттерін дамытуға бағытталған.

1.3. Конкурс өткізу орны - «Тұңғыш Президент музейі» Корпоративтік қоры (Астана қ.), мекенжайы: А. Бөкейхан көшесі, 1. Конкурс офлайн режимде өткізіледі.

1.4. Конкурс аясындағы экскурсиялық көрсетілімдер «Тұңғыш Президент музейі» Корпоративтік қорының экспозициялары мен залдарында өткізіледі. Нақты экспозициялар мен көрсетілім объектілері, сондай-ақ командалардың олар бойынша бөлінуі Конкурстың Ұйымдастыру комитеті тарапынан айқындалады.

1.5. Конкурсты ұйымдастырушы - Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университетінің «Туризм және сервис» кафедрасы.

1.6. Конкурсқа қатысу тегін негізде жүзеге асырылады.

2. КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Конкурстың мақсаты - экскурсиялық сүйемелдеу, көпшілік алдында сөйлеу және мәдени-тарихи мұраны интерпретациялау дағдылары бар дарынды білім алушыларды анықтау және қолдау.

2.2. Конкурстың міндеттері:

- туризм және сервис саласындағы болашақ мамандардың кәсіби құзыреттерін дамыту;
- экскурсиялық фрагменттерді дайындау және өткізу бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыру;
- командалық жұмыс дағдыларын дамыту;
- Қазақстан Республикасының мәдени-тарихи мұрасын насихаттау;
- білім алушылардың экскурсиялық және музейлік қызметке қызығушылығын арттыру;
- университет пен мәдениет мекемелері арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту.

3. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

3.1. Конкурсқа «Туризм және сервис» кафедрасының 1-4 курс білім алушылары төмендегі білім беру бағдарламалары бойынша қатыса алады:

- «Туризм»

- «Халықаралық туризм»
 - «Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі»
- 3.2. Конкурс командалық форматта өткізіледі.
- 3.3. Команда құрамы - 2-3 адам.

4. КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Конкурс ұйымдастыру және өткізу мақсатында Ұйымдастыру комитеті (ұйымкомитет) құрылады.

4.2. Ұйымкомитеттің функциялары:

- Конкурс бағдарламасы мен регламентін бекіту;
- конкурстық комиссия құрамын қалыптастыру;
- командаларды музей залдары мен экспозициялары бойынша бөлу;
- Конкурс ұйымдастырушылық және ақпараттық сүйемелдеу;
- қорытындыларды шығару және марапаттау материалдарын дайындау.

4.3. Конкурс бір кезеңде өткізіледі және «Тұңғыш Президент музейі» Корпоративтік қорының экспозициялары бойынша командалық экскурсиялық фрагментті қамтиды.

4.4. Командалардың конкурстық көрсетілімдері келесі экспозициялар мен залдарда өткізіледі:

1. «Туған жер» экспозициясы;
2. «Астана қаласының құрылысы» экспозициясы;
3. Қазақстандық спортшылар мен өнер қайраткерлерінің марапаттарына арналған экспозиция;
4. Уақытша көрмелер залы.

4.5. Командаларды экспозициялар бойынша бөлу Конкурстың Ұйымдастыру комитеті тарапынан командалар саны мен іс-шара регламентін ескере отырып жүзеге асырылады.

5. КОНКУРСТЫҚ ТАПСЫРМА

5.1. Әр команда берілген экспозиция бойынша экскурсиялық фрагмент дайындайды (зал / көрсетілім объектісі қосымша нақтыланады).

5.2. Конкурстық тапсырма мыналарды қамтиды:

- команданы таныстыру;
- экскурсиялық көрсетілім өткізу.

5.3. Команда ішіндегі рөлдерді бөлу:

- экскурсовод (негізгі баяндаушы);
- экскурсоводтың ассистенті / аудиториямен өзара әрекет модераторы;
- экскурсияның логикалық құрылымы мен қорытындысына жауапты қатысушы

(рөлдерді бөлудің өзге нұсқаларына да жол беріледі).

5.4. Бір команданың экскурсиялық көрсетілімінің ұзақтығы - 10-15 минут.

5.5. Қатысушылар іскерлік этика нормаларын, классикалық дресс-кодты және қауіпсіздік техникасын талаптарын сақтауға міндетті (офлайн форматта).

5.6. Көрсетілімдердің кезектілігі Конкурс ұйымдастырушылары тарапынан белгіленіп, қатысушыларға алдын ала хабарланады.

6. КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

6.1. Конкурстық көрсетілімдерді бағалау үшін конкурстық комиссия құрылады. Конкурстық комиссия құрамына:

- «Тұңғыш Президент музейі» Корпоративтік қорының 1 өкілі;
- Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті ректоратының өкілі;
- «Экономика және бизнес» факультеті деканатының өкілі;
- «Туризм және сервис» кафедрасының меңгерушісі;
- ұйымдастыру комитетінің шешімі бойынша кафедра оқытушылары кіреді.

6.2. Конкурстық комиссия:

- командалардың көрсетілімдерін бекітілген критерийлерге сәйкес бағалайды;

- Конкурс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды;
- қорытынды хаттамаларды рәсімдейді.

6.3. Конкурстық көрсетілімдер келесі критерийлер бойынша бағаланады:

Экскурсиялық материалды меңгеру деңгейі

- деректер мен терминдердің нақтылығы;
- тақырыпты ашу тереңдігі;
- фактілік қателердің болмауы.

Экскурсиялық баяндаудың логикасы мен құрылымы

- кіріспе, негізгі бөлім және қорытындының болуы;
- мазмұндаудың жүйелілігі мен бірізділігі.

Сөйлеу мәдениеті және коммуникативтік дағдылар

- сөйлеудің анықтығы мен мәнерлілігі;
- сауаттылық, қарқын, дикция;
- кәсіби экскурсиялық лексиканы қолдану.

Экскурсиялық шеберлік және командалық өзара әрекет

- команда мүшелерінің үйлесімді жұмысы;
- аудиториямен байланыс;
- тыңдаушылардың назарын ұстай білу.

Регламентті сақтау

- белгіленген уақытқа сәйкестік (10-15 минут).

6.4. Бағалау балдық жүйе бойынша жүргізіледі. Қорытынды баға конкурстық комиссия мүшелері қойған балдардың жиынтығымен анықталады.

7. ҚОРЫТЫНДЫЛАРДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

7.1. Конкурс қорытындысы бойынша:

- жеңімпаз команда (I орын);
- жүлдегерлер (II және III орын) анықталады.

7.2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер тиісті дәрежедегі дипломдармен марапатталады.

7.3. Конкурста қатысқан барлық білім алушыларға қатысушы сертификаттары табысталады.

7.4. Команда жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1. Ұйымдастырушылар осы Ереженің негізгі қағидаттарына әсер етпейтін өзгерістер енгізу құқығын өздеріне қалдырады.

8.2. Конкурс және оның қорытындылары туралы ақпарат кафедра мен университеттің ресми ақпараттық ресурстарында орналастырылады.

Командалар үйлестірушілері:

1. Рахметова Сандугаш Рахметқызы, сеньор-лектор;
2. Кожаназар Арна Шарханбекқызы, сеньор-лектор;
3. Джангельдина Назгуль Нурлановна, магистр, ассистент;
4. Авилсейт Батима Авилсейтқызы, магистр, ассистент;
5. Бауыржанова Шынар Бауыржановна, магистр ассистент.


Байланыс тұлғасы:

Кожаназар Арна Шарханбекқызы

Сеньор-лектор

87762030382

arnakozha@gmail.com

«Туризм және сервис» кафедрасының меңгерушісі  Жунусова А.А.